

## Машина жасау кәсіпорындарының кредиторлық берешектерін қайта құрылымдау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 22 қазан N 1143

Отандық тауар өндірушілерді қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Медетші қоры" жабық акционерлік қоғамымен (келісім бойынша) бірлесіп:

1) мыналардың берешектерін қайта құрылымдау жүргізуді қамтамасыз етсін:

Экономиканы қайта құру қорының қаражаты есебінен, кәсіпорындарды санациялауға және оңалтуға Мемлекеттік Медетші банкі арқылы алынған кредиттер бойынша, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қаржы министрлігінің кепілдігімен берілген орталықтандырылған (директивтік) кредит бойынша, берешектің өтелуі 2003 жылы басталатын болып, 2008 жылды қоса алғандағы мерзімге республикаішілік есепке алудың нәтижелері бойынша алынған кредит бойынша "Петропавл ауыр машина жасау зауыты" ашық акционерлік қоғамының;

меншікті айналым қаражатын толықтыруға республикаішілік есепке алудың нәтижелері бойынша, кәсіпорындарды санациялауға және оңалтуға Мемлекеттік Медетші банкі арқылы алынған кредиттер бойынша және Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қаржы министрлігінің кепілдігімен берешектің өтелуі 2002 жылы басталатын болып, 2008 жылды қоса алғандағы мерзімге берілген орталықтандырылған (директивтік) кредит бойынша "Тыныс" ашық акционерлік қоғамының;

Экономиканы қайта құру қоры қаражатының есебінен және кәсіпорындарды санациялауға және оңалтуға Мемлекеттік Медетші банкі арқылы берешектің өтелуі 2002 жылы басталатын болып, 2008 жылды қоса алғандағы мерзімге алынған кредиттер бойынша "Семей машина жасау зауыты" ашық акционерлік қоғамының;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілдедегі N 832 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін бюджеттің атқарылуы және есептілік нысандарын жүргізу (мерзімдік және жылдық) жөніндегі қаржылық рәсімдердің ережесіне сәйкес Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілейтін сыйақы ставкасын ескере отырып, тиісті келісімдер жасассын.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

"С.М.Киров атындағы Петропавл зауыты" өндірістік бірлестігі" ашық акционерлік қоғамының берешегін қайта құрылымдау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2001 жылғы 26 сәуірдегі N 561 қаулысына :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Медетші қоры" жабық акционерлік қоғамымен (келісім бойынша) бірлесіп Экономиканы қайта құру қорының қаражаты есебінен алынған кредит бойынша және Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қаржы министрлігінің кепілдігімен берешектің өтелуі 2002 жылы басталатын болып, 2008 жылды қоса алғандағы мерзімге берілген орталықтандырылған ( директивтік) кредит бойынша "С.М.Киров атындағы Петропавл зауыты" өндірістік бірлестігі" ашық акционерлік қоғамының берешегін қайта құрылымдауды жүргізісін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілдедегі N 832 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін бюджеттің атқарылуы және есептілік нысандарын жүргізу (мерзімдік және жылдық) жөніндегі қаржылық рәсімдердің ережесіне сәйкес Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілейтін сыйақы ставкасын ескере отырып, тиісті келісімдер жасассын."

;

**Ескерту. 2-тармағының 5, 6, 7-абзацтарының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.07.27. N 781 қаулысымен .**

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары А.С.Павловқа жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*